

"Батыс Қазақстан облысының қалалар мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бекіту туралы"

Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2024 жылғы 28 маусымдағы № 13-4 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 4-2) тармақшасына сәйкес Батыс Қазақстан облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Батыс Қазақстан облысының қалалар мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру қағидалары" осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

M. Мұқаев

Батыс Қазақстан облыстық

мәслихатының

2024 жылғы 28 маусымдағы

№ 13-4 шешіміне қосымша

Батыс Қазақстан облысының қалалар мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандырудың қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Батыс Қазақстан облысының қалалар мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандырудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 235 "Қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың ұлгілік қағидаларын және "Ағаштарды кесуге рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 29 сәуірде № 10886 тіркелді) (бұдан әрі – Ұлгілік қағидалар) сәйкес әзірленді және құқықтық мәртебесі мен шаруашылық қызмет нысандарына қарамастан, барлық заңды тұлғалар, жеке тұлғалар, сондай-ақ аула және қоғамдық аумақтарды абаттандыруға жауапты лауазымды адамдар үшін қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалардың мақсаты елді мекендердегі аумақтардың кешенді және орнықты дамуына ықпал ететін қауіпсіз, жайлы, ыңғайлы, экологиялық қолайлы және тартымды қалалық орта құру болып табылады.

3. Қағидаларда қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) абаттандыру – тиісті күтіп ұстау жолымен азаматтардың өмір сүру жайлышының арттыруға бағытталған іс-шаралар кешені, қалалар мен елді мекендердің іргелес

аумақтары мен ортақ пайдалану орындарының экологиялық және эстетикалық жай-күйіне, инженерлік даярлық және аумақтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстардың жиынтығын көздейтін, коммуникациялық желілерді және сүмен жабдықтау құрылышын дамыту, көріз, энергиямен жабдықтау, жабындарды орнату, жарықтандыру, шағын сәулет нысандары мен монументтік өнер объектілерін орналастыру, шудың деңгейін төмендету, микроклиматты жақсарту, ауа бассейнінің ластануынан қорғау, ашық су айдындары мен топырақты тазалау, жинау, санитарлық тазалау және көгалдандыру;

2) жинақтаушы бункер – нормативтерге сәйкес көлемдегі ірі габаритті қалдықтарды және өндіріс пен тұтынудың басқа да қалдықтарын жинауға арналған стандартты сыйымдылық;

3) уақытша құрылыштар – тұрғын үй, мәдени - тұрмыстық және құрылышшыларға қызмет көрсетуге арналған басқа да ғимараттар мен құрылыштар; кірме жолдар, жолдар, қоймалар, сорғылар, қосалқы станциялар, бетон еріту тораптары, инженерлік желілер және құрылыш-монтаждау жұмыстарын орындау үшін қажетті, әдетте құрылыш аяқталғаннан кейін таратылатын өндірістік мақсаттағы басқа да құрылыштар;

4) көгал – тротуардан, тұрақ қалталарынан, тұрақтардан және жолдың өзге де элементтерінен шекаралық таспен және (немесе) сәндік қоршаумен қоршалған шөпті жамылғы мен басқа да өсімдіктерді қамтитын абаттандыру элементі (жер участкесі);

5) жол – Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген тәртіпте жайластырылған немесе ыңғайластырылған және көлік құралдарының және жаяу жүргіншілердің журуі үшін пайдаланылатын жердің барлық бөлінген жолағы не жасанды құрылыштың үсті. Жол бір немесе бірнеше жұру бөліктерін, сондай-ақ трамвай жолдарын, тротуарларды, жол жиектерін және олар болған кезде бөлу жолақтарын қамтиды;

6) жер жұмыстары – топырақты қазуды (игеруді), оның орнын ауыстыруды, топырақты тегістеумен және нығыздаумен төсеуді, сондай-ақ аумақты тазартуға байланысты дайындық жұмыстарын, ілеспе жұмыстарды (оның ішінде аландарды, еңістерді, ойықтар мен үйінділер төсемдерін жоспарлауды, төсемді әрлеуді, еңістер бойынша керпелер құрылғысын қамтитын құрылыш жұмыстарының кешені (негізінде) үйінділер, шұңқырларды бұрғылау-кран машиналарымен бұрғылау, қазаншұңқырлардың қуыстарын толтыру);

7) жеке тұрғын үй - қоныс участкесіне орналасқан және шаруашылық пен басқа да құрылыштармен және жасыл желекті екпелерімен бірге азаматтың меншігіндегі жеке (отбасымен) тұруға арналған үй;

8) контейнер – жүктөрді тасымалдауға арналған көп мәрте қолданылатын әмбебап көлік жабдығы;

9) контейнерлік аландар – қатты тұрмыстық қалдықтарды тасымалдауды жүзеге асыратын мамандандырылған көлікке арналған кірме жолдары бар, қатты тұрмыстық

қалдықтарды жинауға арналған контейнерлер орналастырылатын қалдықтарды жинақтауға арналған арнайы аландар;

10) халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары – егде жастағы адамдар, мүгедектігі бар адамдар, өз бетінше жүріп-тұру, көрсетілетін қызметтерді, ақпаратты алу немесе кеңістікте бағдарлану кезінде қыындық көріп жүрген, оның ішінде балаларға арналған арбаларды және (немесе) кресло-арбаларды пайдаланатын адамдар;

11) шағын архитектуралық нысандар – сәндік сипаттағы және практикалық пайдаланылатын объектілер (мұсіндер, субұрқақтар, барельефтер, гүлдерге арналған вазалар, павильондар, беседкалар, орындықтар, урналар, балалар ойындары мен ересек тұрғындардың демалысына арналған жабдықтар мен конструкциялар);

12) ортақ пайдаланылатын орындар – бұл халыққа қолжетімді немесе ашық аумақтар, нысандар;

13) аумақтарды абаттандыру объектілері – абаттандыру бойынша қызметті жүзеге асыратын елді мекеннің аумақтары: аландар, аулалар, орамдар, функционалды-жоспарлы ұйымдастыру, қала аудандарының аумақтары, сондай-ақ бірыңғай қала құрылышы регламенті (қорғалатын аймақ) немесе көзben шолу-кеңістіктік қабылдау (құрылышы бар алаң, аумақтар мен құрылыштарға жапсарлас салынған көше) қағидаты бойынша бөлінетін аумақтар, елді мекеннің басқа аумақтары;

14) көгалданыру екпелері – елді мекендердің шекараларында ортақ пайдаланылатын жерлерде орналасқан саябақтар, скверлер, бульварлар, желілік екпелер, үй жанындағы екпелер, көгалдар, гүлзарлар;

15) аумақтарды абаттандыруға қатысуышылар – шарт негізінде елді мекен аумағында абаттандыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке немесе занды тұлға;

16) іргелес аумақ – ғимараттың, құрылыштың, қоршаудың, құрылыш алаңының шекараларына, сауда, жарнама объектілеріне және занды немесе жеке тұлғалардың меншігіндегі, иелігіндегі, жалдауындағы, балансындағы өзге де объектілерге тікелей іргелес жатқан аумақ (периметрі бойынша 5 метр шекарада);

17) өту жолы – көлік құралдарының тұрғын және қофамдық ғимараттарға, мекемелерге, кәсіпорындарға, шағын аудандар, орамдар, елді мекендер ішіндегі құрылыш объектілеріне кіруін қамтамасыз ететін жол элементі;

18) көппәтерлі тұрғын үйдің үй жанындағы жер учаскесі (бұдан әрі – үй жанындағы жер учаскесі) - көппәтерлі тұрғын үйге іргелес және абаттандыруға, көгалданыруға, спорт, ойын аландарын, кірме жолдарды, тұрақтарды, тротуарларды, шағын сәулет нысандарын орналастыруға арналған жер учаскесі;

19) абаттандыру объектісін күтіп-ұстау – абаттандыру объектілерін, олардың жекелеген элементтерін тиісті техникалық, физикалық, эстетикалық жай-күйінде ұстау;

20) тротуар – жаяу жүргіншілердің жүруіне арналған, жүріс бөлігіне жанасатын немесе одан көгалмен немесе арық жүйесімен бөлінген жол элементі;

21) көше – көлік және жаяу жүргіншілер қозғалысына арналған, жүріс бөлігін, жол жиектерін, кюветтерді және бермаларды нығайтатын аумак;

22) қасбет – ғимараттардың (құрылыстардың) сыртқы (алдыңғы) жағы;

23) гүл бақшасы – бір, екі немесе көпжылдық өсімдіктер отырғызылған геометриялық немесе еркін нысандағы участке;

24) абаттандыру элементтері – аумақты абаттандырудың құрамдас бөліктері ретінде қолданылатын сәндік, техникалық, жоспарлау, конструктивтік құрылғылар, көгалданыру элементтері, жабдықтардың және ресімдеудің әртүрлі түрлері, оның ішінде ғимараттардың, құрылыстардың, құрылыстардың қасбеттері, шағын сәулет нысадары, күрделі емес стационарлық емес құрылыштар мен құрылыштар, ақпараттық қалқандар мен көрсеткіштер.

2-тaraу. Қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру бойынша кешенді үйымдастыру жұмысының элементтері

4. Аумақты абаттандыру элементтеріне мыналар жатады:

- 1) шағын сәулет нысадары;
- 2) көгалданыру элементтері;
- 3) жабындардың түрлері;
- 4) қоршаулар;

5) коммуналдық жабдық-көшени жарықтандыруға арналған құрылғылар, қоқыс жәшіктері мен контейнерлер, велосипед турақтары;

6) монументалды-сәндік өнер туындылары-мұсіндер, сәндік композициялар, обелисктер, стелалар, монументалды кескіндеме туындылары;

7) ақпараттық көрсеткіштер - анилагтар (көшелер, аландар, жағалаулар, көпірлер атауларының көрсеткіштері), үйлердің нөмірлік белгілері, ақпараттық стенділер, кварталдардың, шағын аудандардың құрылышын салу схемалары бар қалқандар;

8) естелік және ақпараттық тақталар (белгілер);

9) тарих және мәдениет ескерткіштерін, ерекше қорғалатын аумақтар аймақтарын қорғау белгілері;

10) мерекелік безендіру элементтері.

5. Аумақты абаттандыру объектілерінің ажырамас құрамдас бөліктері болып табылатын аумақты абаттандыру элементтерінің болуы қалалық орта аумағын абаттандыру объектілерін құруға, өзгертуге (реконструкциялауға) арналған жобалау құжаттамасында әзірленеді және көзделеді. Жобалау құжаттамасын дайындауды жүзеге асыратын тұлға жобалау құжаттамасын дайындау жөніндегі жұмыстарды үйымдастырады және үйлестіреді, жобалау құжаттамасының сапасына және оның қала құрылышын жобалаудың техникалық регламенттері мен нормативтерінің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

6. Шағын архитектуралық формаларға қойылатын негізгі талаптар:

1) аумақты абаттандыру элементтерінің сәулеттік және ландшафттық ортасының сипатына сәйкестігі;

2) материалдардың жоғары сәндік және пайдалану қасиеттері, оларды сыртқы ортаның әсерін ескере отырып, ұзақ уақыт бойы сақтау;

3) құрылымның беріктігі, сенімділігі, қауіпсіздігі.

7. Орындықтарға қойылатын негізгі талаптар:

1) рекреациялық аймақтардың орындықтарына арналған арқалықтардың болуы;

2) аула аймақтарының орындықтарына арналған арқалықтар мен тұтқалардың болуы;

3) транзиттік аймақтардың орындықтарына арналған арқалықтар мен тұтқалардың болмауы.

Орындықтарды орнату жабынның немесе іргетастың қатты түрлерімен қамтамасыз етілуі керек. Демалыс аймақтарында, орман саябақтарында, балалар алаңдарында жұмсақ жабын түрлерінде орындықтар орнатуға рұқсат етіледі. Иргетасы болған кезде оның бөліктері жер бетінен жоғары көтерілмей орындалады. Демалуға арналған орындықтың беттері әр түрлі су өткізбейтін өңдеу түрлері бар ағаштан жасалады.

8. Гүлзарлар (гүл құмыраларына), оның ішінде аспалы гүл шоқтарына қойылатын негізгі талаптар:

1) кашпо тек қолданыстағы обьектілерге ғана қойылады;

2) гүлзарлар (гүл құмыралар) автомобилдердің кездейсоқ соқтығысуын және қоқыстың түсін болдырмай үшін жеткілікті биіктікте болады;

3) гүлзарлар мен кашпо қыста орын-жайда сақталады немесе ондағы гүлдердің күлкән жапырақты өсімдіктермен немесе басқа да өсімдік әшекейлерімен алмастырады

9. Коршауларға қойылатын негізгі талаптар:

1) жаяу жүргіншілердің көліктердің соқтығысуынан қорғау үшін жеткілікті беріктік;

2) модульділік, кез келген нысандағы конструкцияны жасау мүмкіндігі;

3) автокөліктің кездейсоқ соғылуы мүмкін жерде шағылыстыратын элементтер.

10. Абаттандыруды ұйымдастыру аумақтарды абаттандыру бойынша жобалық құжаттаманы әзірлеуді, абаттандыру жөніндегі іс-шараларды орындауды және абаттандыру обьектілерін күтіп-ұстауды қамтиды.

11. Абаттандыру жөніндегі қызметке қатысушылар, оның ішінде:

1) мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мердігерді (бас мердігерді) таңдайтын және қаржыландыруды қамтамасыз ететін, техникалық тапсырманы қалыптастыратын жергілікті атқарушы органдар;

2) елді мекен аумағында қызметті жүзеге асыратын, абаттандыруға сұрау салуды қалыптастыруға, сондай-ақ абаттандыру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруға қатыса алатын жеке және занды тұлғалар;

3) мердігерлер (бас мердігерлер), оның ішінде құрылым-монтаждау ұйымдары (кәсіпорындар/компаниялар), шағын сәulet нысандарын өндірушілер және сәulet, қала құрылышы және құрылымдық қызметтің басқа да субъектілері.

12. Елді мекенниң инфрақұрылымы мен аумақтарын абаттандыру жаяу жүргіншілердің, қоғамдық және велосипед көлігінің, арық жүйелерінің басымдығы ескеріле отырып әзірленеді.

13. Әртүрлі функционалдық мақсаттағы абаттандыру объектілерін жобалау, салу және пайдалану адам денсаулығын сақтау, тарихи және табиғи ортаны қорғау жөніндегі талаптарды сақтауды қамтамасыз етеді, халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарының кедегісіз қозғалуына, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, арық жүйесінің жұмысына техникалық мүмкіндіктер жасайды.

14. Елді мекенниң аумақтарын абаттандыруды, күтіп-ұстауды және жинауды, егер қолданыстағы заңнамада немесе шартта өзгеше көзделмесе, шарттар негізінде жер участеклерінің меншік иелері не аумақтарды абаттандыруға қатысуышылар жүзеге асырады.

15. Аумақтарды абаттандыруға қатысуышылар елді мекенді абаттандыру, күтіп-ұстау және жинау жөніндегі жұмыстарды жүргізеді, сондай-ақ меншік құқығындағы жеке және занды тұлғаларға тиесілі жер участеклерін қоспағанда, іргелес аумақтарды жинауды ұйымдастырады.

16. Елді мекенді абаттандыру қамтамасыз етіледі:

1) көршілес аумақтарды абаттандыруды, күтіп-ұстауды және пайдалануды ұйымдастыруды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі;

2) аумақтарды абаттандыруға қатысуышылар;

3) егер азаматтық заңнамада немесе шартта өзгеше көзделмесе, өздеріне меншік құқығымен немесе өзге де құқықпен тиесілі аумақтарды, аула, үй маңындағы аумақтарды абаттандыруды күтіп-ұстауды және пайдалануды жүзеге асыратын және іргелес аумақтарды абаттандыруға қатысатын жеке және занды тұлғалар.

17. Елді мекенді абаттандыру және жинауды ұйымдастыру мәселелері бойынша жеке және занды тұлғалардың қызметтің үйлестіруді жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

18. Елді мекенде үй жануарларын серуендету үшін тақтайшалармен белгіленген арнайы аумақтар айқындалады.

19. Үй жануарларының иелері үй жануарларының нәжісін тазартады.

20. Елді мекен аумағында базарларды (қоймаларды) ұйымдастыруға, жерлеу ісін ұйымдастыруға (зираттарда), құрылымдық (құрылымдық кезеңіне арналған құрылым алаңдарында) байланысты шаруашылық қызметті жүзеге асыратын жеке және занды тұлғалар; қоғамдық-бұқаралық іс-шараларды өткізуге, тұрғындардың стационарлық сауда объектілеріне, стационарлық қоғамдық тамақтану объектілеріне және маусымдық

кафелерге, әлеуметтік және коммуналдық-тұрмыстық мақсаттағы объектілерге, автожанармай құю станцияларына, автотұрақтарға, автожууларға, автомобильдерге техникалық қызмет көрсету станцияларына, уақытша аттракциондарға, жылжымалы хайуанаттар бақтарына, мәдениет және демалыс саябақтарына, демалыс аймақтары мен жағажайларға, маршруттық қалалық қатынастағы тұрақты тасымалдау маршруттарының соңғы пункттерінде тасымалдау, сондай-ақ гараж кооперативтері, діни маңызы бар объектілер қызметкерлер үшін де, келушілер үшін де көріз, тасымалданатын биотуалеттер болмаған кезде стационарлық дәретханалардың болуын және олардың мақсаты бойынша жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Осы объектілерде қазылған шұңқырларды орнатуға және пайдалануға жол берілмейді.

21. Қоғамдық стационарлық дәретханалар мен биодәретханалар санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес тиісті жағдайда ұсталады.

Дәретханалардың санитарлық және техникалық жағдайына меншік иелері, иелері, жалға алушылары немесе олар қызмет көрсететін мамандандырылған ұйымдар қамтамасыз етеді.

22. Барлық аландар мен көшелерде, скверлер мен саябақтарда, стадиондарда, вокзалдарда, базарларда, аялдама пункттерінде, кәсіпорындарда, сауда объектілерінде, кинотеатрларда, дүңгіршектерде және басқа да объектілерде халықтың санитарлық-эпидемиялогиялық хал-ахуалдығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес урналар орнатылады.

23. Урналарды тазалау олар толған кезде, ал жаппай қозғалыс және азаматтар көп жиналатын жерлерде - тәулігіне кемінде бір рет жүргізіледі. Урналарды жөндеу қажеттілігіне қарай, бояу жылына кемінде бір рет жүргізіледі. Урналар жарамды күйде және боялған күйде ұсталады. Урналардың толып кетуіне жол берілмейді.

24. Бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырушылар іс-шара өткізілетін орынды, оған іргелес аумақтарды тазалауды және олар бұзған абаттандыруды қалпына келтіруді қамтамасыз етеді.

25. Уақытша құрылыштарды қоса алғанда, үйлердің (олардағы үй-жайлардың), ғимараттардың, құрылыштардың меншік иелері болып табылатын, сондай-ақ меншік құқығында, өзге де құқықта, жалға алу құқығында жер участекін иеленетін жеке, занды тұлғалар іргелес аумақты өз бетінше күтіп-ұстауды (абаттандыруды) немесе абаттандыру саласындағы ұйымдарды тарту арқылы өз қаражаты есебінен жүзеге асырады.

3-тарау. Қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру бойынша күтіп ұстau

1-Параграф. Аумақтарды күтіп ұстau жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру

26. Аумақтарды күтіп ұстau мыналарды қамтиды:

1) қоқыстардан, жапырақтардан, қардан және мұздан (мұздан) күнделікті тазалау;

2) жолдардың, көпірлердің, көшелердің, тротуарлардың, өтпелердің, жаяу жүргіншілер аумақтарының жүріс бөлігінің жабындарын көктайғаққа қарсы материалдармен өндеу;

3) қарды тырмалау және сыйыру;

4) қар мен мұзды (қар-мұз түзілімдерін) шыгару;

5) жолдарды және көше-жол желісінің басқа да объектілерін күтіп-ұстau және жинау;

6) контейнерлік алаңдарды, бункер-жинақтағыштарды, қалдықтардың барлық түрлеріне арналған контейнерлерді, қоқыс жәшіктерін, орындықтарды, шағын сәулет нысандарын және басқаларын таза және техникалық жарамды күйде орнату және күтіп-ұстau;

7) қоқыс қабылдайтын камераларды, контейнерлерді, бункер-жинақтағыштарды және контейнерлік алаңдарды тазалау, жуу және дезинфекциялау;

8) стационарлық дәретханалар мен биотуалеттерді таза және техникалық жарамды күйде күтіп-ұстau және олардың мақсаты бойынша жұмыс істеуі;

9) жаңбыр және еріген суларды бұру;

10) қоқыстарды, қалдықтарды және қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және шыгару;

11) жануарлардың мәйіттерін көлік инфрақұрылымы объектілерінен алып тастау;

12) кірме жолдарды, жолдарды, тротуарларды қоса алғанда, шаңың пайда болуын және ауаны ылғалданыруды азайту үшін аумақты суару;

13) жасыл екпелердің сақталуын қамтамасыз ету және оларға күтім жасау;

14) құрылыш, жөндеу, жер және өзге де жұмыстар жүргізілгеннен кейін аумақтарды қалпына келтіру;

15) коммуналдық мақсаттағы объектілерді, коммуникацияларды (ғимараттарды), жолдарды, темір жолдарды, көпірлерді, жаяу жүргіншілер өткелдерін құрылыштан, реконструкцияудан және жөндеуден кейін бұзылған абаттандырудың элементтерін қалпына келтіру және археологиялық жұмыстарды және басқа да жер жұмыстарын жүргізу;

16) жеке үй иелерінің, ортақ пайдаланылатын орындардың іргелес аумақтарындағы су бұру арықтарын (арық жүйесі) тазалау;

17) аяқталмаған құрылыш объектілерін, құрылыш алаңдарын қоршайтын қоршауларды тиісті жағдайда күтіп-ұстau. Жұмыс жүргізілмейтін аяқталмаған құрылыш объектілері құрылыш торларымен немесе сәндік баннерлермен немесе жарнама баннерлерімен жабылады.

2-параграф. Көшелер мен жолдарды күтіп ұстau жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру

27. Көшелер мен жолдарды, орамішілік өтпелерді, аула аумақтарына кірме жолдарды, тротуарларды (жаяу жүргіншілер аумақтарын), көпірлер мен өтпелерді

күтіп-ұстай көшелер мен жолдардың, тротуарлардың және басқа да жол құрылыштарының журу бөлігінің тазалығын, сондай-ақ көлік пен жаяу жүргіншілер қозғалысының қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ететін маусымдық сипаттағы жұмыстар (іс-шаралар) кешенін қамтиды. Жолдарды күтіп-ұстай нәтижесінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 "Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 1 шілдеде № 33003 болып тіркелді) Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер талаптарына жауап беретін жолдың, жол құрылыштарының, бұрылу жолағының, жолды жайластыру элементтерінің көліктік-пайдалану жай-күйі, жол жүрісін ұйымдастыру және оның қауіпсіздігі қолдау көрсетілетін жұмыстар кешенін қамтиды.

28. Жол аумақтарын күтіп-ұстай ағымдағы жолдарды қамтиды:

- 1) жолдарды, тротуарларды, жасанды құрылыштарды жөндеу;
- 2) тротуарлардан (жаяу жүргіншілер аумақтарынан) және жолдардың, көшелер мен көпірлердің жүріс бөлігінен кірді, қоқысты, қарды және мұзды (мұзды) күнделікті тазалау;
- 3) жол жабындарын жуу және суару;
- 4) көгалдарға және жасыл желектерге күтім жасау;
- 5) көше жарығы мен байланыс желісінің тіректерін ағымдағы жөндеу;
- 6) шағын сәулет нысандарын жөндеу және бояу;
- 7) қарау құдықтарын, арықтарды, жаңбыр қабылдау құдықтарын, нөсер көріздерін, таулы арықтарды және жасанды құрылыштардың құрамына кіретін ашық науаларды жөндеу және тазалау.

29. Қарау және жаңбыр қабылдау құдықтары, жерасты коммуникацияларының құдықтары, люктер (торлар), арық жүйесі көлік пен жаяу жүргіншілердің қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ететін жабық және жарамды күйде ұсталады.

Қабылдау, тұйық, қарау және басқа да құдықтар мен камераларды күтіп-ұстауды, тазалауды және ақаусыз техникалық жағдайда ұстауды олардың меншік иелері қамтамасыз етеді.

30. Бұзылған құдықтардың қақпақтары мен торлары, ашық құдықтар бір сағат ішінде, егер қолданыстағы азаматтық заңнамада өзгеше белгіленбесе, инженерлік желілердің меншік иелерімен, сондай-ақ құрылыш-монтаж жұмыстарын жүзеге асыратын ұйымдармен (кәсіпорындармен) тиісті ескерту белгілерімен қоршалады және

бес сағаттан аспайтын мерзімде ауыстырылады. Ашық люктердің, сондай-ақ ұңғыманың сыртқы жиегі бойынша ұңғима қақпағының (торының) сыртқы жиегінен бір метр радиуста жол жабынының шұнқырларының, шөгінділерінің және құламаларының болуына жол берілмейді.

3-параграф. Жеке тұрғын үйлерді күтіп ұстau бойынша іс-шараларды ұйымдастыру

31. Жеке тұрғын үйлердің иелері:

1) жер пайдалану шегінде ғимараттардың, қоршаулар мен дуалдардың, сондай-ақ өзге де құрылыштардың қасбеттерінің тиісті жай-күйін қамтамасыз етеді. Оларды уақтылы жөндеу және бояу жұмыстарын жүргізеді;

2) тұрғын үйде нөмірлік белгісі бар және оны жарамды күйде ұстайды;

3) белгіленген шекаралар шегінде жер участесін тәртіппен ұстайды және іргелес аумақтың тиісті санитарлық жай-күйін қамтамасыз етеді, оны қоқыстардан, арамшөптер мен карантиндік өсімдіктерден тазартады;

4) оларда орналасқан жасыл екпелерді сау жағдайда ұстайды және олардың сақталуын, қорғалуын және жер пайдалану шегінде өз қаражаты есебінен күтім жасау жөніндегі жұмыстарды қамтамасыз етеді, газ құбырларының, кәбілдік және әуе электр беру желілерінің және басқа да инженерлік желілердің күзет аймағында ағаш отырғызуға жол бермейді;

5) іргелес аумақты өндіріс және тұтыну қалдықтарымен қоқыстауға жол бермейді.

32. Жеке тұрғын үйлердің меншік иелеріне іргелес аумақта құрылыш материалдарын, отынды, тыңайтқыштарды, көң мен көң шламын және өзге де жылжымалы заттарды сақтауға жол берілмейді.

4-параграф. Ғимараттардың, құрылыштардың және қоршаулардың қасбеттерін күтіп ұстau жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру

33. Ғимараттардың, құрылыштардың меншік иелері оларды тиісінше күтіп-ұстайды, пайдалануды, оның ішінде ғимараттарды, құрылыштарды, олардың қасбеттерін жөндеу және сырлау жөніндегі жұмыстарды уақтылы жүргізуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ қасбеттерде орналасқан ескерткіш тақталарды, көше көрсеткіштерін (оның ішінде тұйық көшелер, аландар), нөмірлік белгілерді, маңдайшалар мен ақпараттық тақталарды таза және жарамды күйде ұстайды.

34. Қасбеттері қаланың қалыптасқан құрылышының сәулеттік келбетін айқындастын ғимараттар мен құрылыштарға елді мекен аумағында орналасқан (пайдаланылатын, салынатын, реконструкцияланатын немесе күрделі жөнделетін) барлық ғимараттар мен құрылыштар жатады:

1) әкімшілік және қоғамдық-мәдени мақсаттағы ғимараттар;

2) көппәтерлі тұрғын үйлер мен тұрғын ғимараттар;

- 3) өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыштар;
- 4) женіл үлгідегі құрылыштар (сауда павильондары, дүңгіршектер, гараждар және басқа да осыған ұқсас объектілер);
- 5) ғимараттарға іргелес жер участекерінде орналасқан қоршаулар және басқа да стационарлық сәулет нысандары.

35. Күтіп-ұсташа жататын ғимараттардың қасбеттері элементтерінің құрамына мыналар кіреді:

- 1) шұнқырлар, жертөле үй-жайларына кіреберістер және қоқыс камералары;
- 2) кіру тораптары, топтары (оның ішінде сатылар, алаңдар, қоршаулар, кіреберістің үстіндегі күнқағарлар, қоршаулар, қабырғалар, есіктер);
- 3) жертөле және арақабырғалар;
- 4) қабырға жазықтықтары;
- 5) қасбеттердің шығыңқы элементтері (оның ішінде балкондар, лоджиялар, терезелер, карниздер);
- 6) желдету және тұтін құбырларын, оның ішінде қоршау торларын қоса алғанда шатырлар, шатырға шығу жолдары;
- 7) архитектуралық бөлшектер және қаптау;
- 8) су төгетін құбырлар, шұнқырлар;
- 9) балкондарды, лоджияларды қоршау;
- 10) парапеттік және терезе қоршаулары, торлар;
- 11) терезелерді, балкондарды, белдіктерді, іргетастың шығыңқыларын, асып кетулерді металл әрлеу;
- 12) аспалы металл конструкциялар (оның ішінде жалау ұсташылар, анкерлер, өрт сатылары, желдету жабдықтары);
- 13) панельдер мен блоктар арасындағы көлденең және тік тігістер (ірі панельді және ірі блокты ғимараттардың қасбеттері);
- 14) шыны, рамалар, балкон есіктері;
- 15) ғимараттарға іргелес стационарлық қоршаулар.

36. Ғимараттар мен құрылыштардың қасбеттерін пайдалану кезінде анықталған бұзушылықтар "Ғимараттар мен құрылыштардың, құрылыш материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламенттің бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 435 (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 14 маусымда № 32783 болып тіркелді) бүйрекшімен бекітілген "Ғимараттар мен құрылыштардың, құрылыш материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі" техникалық регламенттің белгіленген нормаларына және сәулет, қала құрылышы және құрылыш саласындағы мемлекеттік нормативтеріне сәйкес жойылады.

37. Тұрғын, әкімшілік, өндірістік және қоғамдық ғимараттардың меншік иелері таза және жарамды күйде ұсталатын белгіленген ұлгідегі үйлердің көрсеткіштері мен номірлерін іліп қояды.

38. Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінің құрамына кірмейтін ақпараттық көрсеткіштердің, мандайшалардың, жарнамалық конструкциялардың, сәндік панельдердің, кіру топтарының иелері қысқы кезенде үйдің шатырын тазалау кезінде жоғарыда аталған конструкциялардың сақталуы бойынша қажетті шараларды қабылдайды.

39. Ескерткіштер мен монументалды өнер объектілерінің, сәулет, тарих және мәдениет ескерткіштері болып табылатын ғимараттардың иелері оларды тиісті жағдайда ұстайды.

40. Елді мекен аумағында рұқсат етілмейді:

1) ғимараттар мен құрылыштарды жайластыру элементтерін, ескерткіштерді, мемориалдық тақталарды, ағаштарды, бұталарды, шағын архитектуралық нысандарды және жалпы пайдаланылатын аумақтардағы сыртқы абаттандырудың басқа да элементтерін бұзуға және бұлдіруге, сондай-ақ оларды өз бетінше қайта өндеуді, қайта құруды және қайта орналастыруды жүргізуге;

2) аялдама пункттеріне, қабырғаларға, бағаналарға, қоршауларға және осы мақсаттар үшін көзделмеген өзге де объектілерге жазулар, суреттер салуға, қандай да бір хабарландырулар мен басқа да ақпараттық хабарларды желімдеуге және ілуге. Жазуларды, суреттерді, хабарландыруларды және басқа да ақпараттық хабарламаларды жою жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды аталған объектілердің меншік иелері қамтамасыз етеді;

3) жылжымалы мүлікті өз меншігіндегі жер участкерінің шекаралары мен қоршауларынан тыс жерде жинауға және сақтауға;

4) ыдыстарды, өнеркәсіптік тауарларды және өзге де сауда заттарын немесе объектілерді тротуарларда, көгалдарда, жолдарда, контейнерлік аландарда және оларға іргелес аумақтарда орналастыруға және сақтауға, контейнерлік аландарға және оларға іргелес аумаққа коммуналдық қалдықтар санатына жатпайтын қоқыстарды (құрылыш қоқысы және табиғи шыққан қоқыс) орналастыруға;

5) "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және сәулет, қала құрылышы және құрылыш саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарын бұза отырып, оның ішінде уақытша, шаруашылық, тұрмыстық ғимараттар мен құрылыштар салу, ғимараттардың қасбеттерін өзгерту, реконструкциялау, сондай-ақ жапсаржайларды тұрғызу.

41. Ғимараттар мен құрылыштардың меншік иелері қар, шатырлардан мұз жинау жұмыстары басталғанға дейін жиырма төрт сағат бұрын тұрғын емес, тұрғын үй-жайлардың меншік иелерін бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер немесе ұялы байланыс арқылы хабардар ету арқылы хабарлайды.

42. Іргелес аумақтардағы тротуарлық көгалдарды ағымда күтіп ұстауды осы аумақтар бекітілген занды немесе жеке тұлғалар жүзеге асырады.

43. Газеттерді, плакаттарды, афишаларды, түрлі хабарландыруларды, жарнамаларды, сайлау алдындағы үгіт материалдарын жапсыруға тек арнайы орнатылған қалқандар мен жарнамалық тұғырларда ғана рұқсат етіледі.

Үгіттік баспа материалдары аталған объектілердің меншік иелерінің немесе иелерінің келісімімен арнайы бөлінген орындарда, сондай-ақ ғимараттарда, құрылыштарда және басқа да объектілерде ілінеді.

Афишаларды, хабарландыруларды, үгіттік баспа материалдарын ғимараттардың қабыргаларында, тұғырлары мен есіктерінде, тіректерде, ағаштарда, сыртқы жарықтандыру тіректерінде және байланыс желісінде, осы мақсатқа арналмаған басқа да объектілерде жапсыруға аталған өнімге тапсырыс беруші үйлестіреді.

44. Ғимараттар мен құрылыштарды жобалау және салу кезінде елді мекен тұрғындарының қауіпсіздігі үшін сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес құрылыш аландарын қоршау көзделеді.

5-параграф. Сыртқы жарықтандыру объектілерін (куралдарын) күтіп-ұстau жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру

45. Көше, үй жанындағы және басқа да сыртқы жарықтандырудың барлық құрылғылары жарамды күйде ұсталады.

46. Көше жарықтандырудың бірынғай жүйесіне қосылған көше және үй жанындағы жарықтандыруды күтіп-ұстaudы және жөндеуді жарықтандыру құрылғыларының меншік иесі (баланс ұсташы) жүзеге асырады. Тұрғын үйлердің кіріспе тарату құрылғыларына қосылған үй жанындағы жарықтандыруды күтіп-ұстaudы кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстau және жөндеу бойынша қызметтер көрсететін және (немесе) жұмыстарды орындастырын ұйымдар немесе басқарушы ұйымдар жүзеге асырады.

47. Сыртқы жарықтандыру көше, үй маңы болып бөлінеді.

48. Сыртқы жарықтандыру элементтеріне мыналар жатады: шамдар, кронштейндер, тіректер, сымдар, кабель, қуат көздері (оның ішінде жинақтар, қоректендіру пункттері, басқару қораптары).

49. Көшелер, жолдар, аландар, жаяу жүргіншілер аллеялары (саябақтар, скверлер), тұрғын кварталдар, аулалар, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар аумақтары, сондай-ақ қоғамдық және тұрғын ғимараттардың нөмірлік белгілері, жол белгілері мен көрсеткіштер, қалалық ақпарат элементтері мен витриналар тәуліктің қаранғы уақытында жарықтандырылады.

50. Көше шамдарын, еден шамдарын, сыртқы жарықтандырудың басқа да көздерін орналастыру қаланың құрылышы мен көгалдандыруымен бірге қауіпсіз орта құруга

ықпал етеді, жол қозғалысына қатысушыларға, азаматтардың тұруына кедергі келтірмейді.

51. Қарауында сыртқы жарықтандыру құрылғылары бар үйымдар олардың техникалық жарамды жай-күйін қамтамасыз етеді, онда сандық және сапалық көрсеткіштер осындай орындарды жарықтандыру бойынша берілген параметрлерге сәйкес келеді, тұнгі уақытта сыртқы жарықтандыру құрылғыларын уақтылы қосу және ажырату және үздіксіз жұмыс істейді.

52. Сыртқы жарықтандыру обьектілерінің немесе сыртқы жарықтандыру құралдарымен жабдықталған обьектілердің меншік иелері, сондай-ақ сыртқы жарықтандыру обьектілеріне (құралдарына) қызмет көрсететін үйымдар:

1) көшелердің, жолдардың тиісті жарықтандырылуын, тіректер мен шамдардың, жарықтандыру қондырғыларының сапасын қадағалайды; бұзылған немесе бүлінген кезде уақтылы жөндеу және бояу жүргізеді;

2) осы елді мекен үшін белгіленген тәртіпке сәйкес жарықтандырудың қосылуын және ажыратылуын қадағалайды;

3) сыртқы жарықтандыру шамдарын уақтылы ауыстыруды жүргізеді.

4) ортақ пайдаланылатын орындарды жарықтандыруга қажеттілікке қарай автоматты қосу және/немесе ажырату құрылғыларын қамтамасыз етеді

53. Жалпы пайдалану орындарындағы көшелердегі жұмыс істемейтін шамдардың саны олардың жалпы санының он пайызынан аспауға тиіс, бұл ретте жұмыс істемейтін шамдардың қатарынан, бірінен соң бірі орналасуына жол берілмейді.

54. Тұрғын үйлердің кіреберістерінің сыртқы жарықтандыру құрылғыларын, сәулеттік-көркемдік жарықтандыру жүйелерін, жарнаманы қосу және ажырату көшелердің сыртқы жарықтандыру жұмысы режимінде жүргізіледі.

55. Электр сымдарының үзілуіне немесе тіректердің зақымдалуына байланысты сыртқы жарықтандыру құрылғыларының жұмысындағы бұзушылықтарды анықталғаннан кейін жиырма төрт сағат ішінде дереу жою керек. Қасақана және/немесе авариялық бұзушылық салдарынан тіректер бүлінген жағдайда, қалпына келтіру жұмыста көше жарығын бұзуға жол берген кінәлі тараптың есебінен жүргізіледі.

56. Төтенше жағдай (дауылды жел, қар жаууы, табиғи сипаттағы басқа да төтенше жағдайлар) салдарынан көше жарығы бүлінген, бұзылған жағдайда қалпына келтіру көше жарығын күтіп-ұстауды және/немесе пайдалануды жүзеге асыратын үйымның (кәсіпорынның) есебінен жүзеге асырылады.

57. Құлаған жарықтандыру тіректерін әкетуді желілік құрылыштарды пайдаланатын тұлға көше жарығын күтіп-ұстауды және/немесе пайдалануды жүзеге асыратын үйымның (кәсіпорынның) есебінен табылған (бөлшектелген) кезден бастап үш тәулік ішінде жүзеге асырады.

6-параграф. Нөсер кәріз желілерін, қарау және нөсер құдықтарын, су бұру құрылыштарын күтіп ұстау

58. Нөсерлі кәріз коллекторларының қузет аймағы шегінде пайдаланушы ұйыммен және өзге де органдармен жазбаша келісімінсіз жол берілмейді:

- 1) жер жұмыстарын жүргізу;
- 2) нөсерлі кәріз желілерін бұлдіруге, су қабылдау люктерін бұзуға немесе бұлдіруге ;
- 3) құрылышты жүзеге асыруға, сауда, шаруашылық және тұрмыстық құрылыштарды орнатуға;
- 4) өнеркәсіптік, коммуналдық, сұйық қалдықтарды, қоқыстарды және өзге де материалдарды тастауға.

59. Қалада нөсер кәрізінің магистральдық және орамішлік желілерін пайдалану мамандандырылған ұйымдармен жасалған шарттар негізінде жүзеге асырылады.

60. Нөсер кәрізінің ведомстволық желілерін пайдалану тиісті ұйымдардың қаражаты есебінен жүргізіледі.

61. Көшелерді, ғимараттарды, құрылыштарды су басуға, су құбыры, кәріз, нөсер құрылғыларының, жүйелердің, желілер мен құрылыштардың ақаулығы салдарынан судың ағып кетуінен мұздың пайда болуына, сондай-ақ көгалдарға, тротуарларға, көшелер мен аула аумактарына суды ағызуға, соруға немесе төгуге жол берілмейді.

62. Жаңбыр қабылдайтын құдықтардың торлары үнемі тазартылған қүйде болады. Олардың өткізу қабілетін шектейтін торлар мен құдықтардың бітелуіне, толып кетуіне жол берілмейді. Нөсер кәрізінің қарау және жаңбыр қабылдау құдықтарын профилактикалық тексеру және оларды тазарту жылына кемінде бір рет жүргізіледі.

63. Қақпақтар немесе торлар қираған коммуникациялық құдықтарды желі иелерімен бір сағат ішінде қоршалып, тиісті ескерту белгілерімен белгіленеді және сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы мемлекеттік нормативтерде көрсетілген мерзімдерде ауыстырылады.

64. Инженерлік желілердегі жоспарлы жұмыстар кезінде кәріз ағындарын төгу жақын маңдағы фекальды кәріз құдықтарына, су құбыры сүйнәне жылу желілерінен нөсер кәрізіне (ол болған кезде) жүргізіледі. Жолға су ағызуға жол берілмейді.

65. Ағып кетудің салдарын жою зақымдалған инженерлік желілердің иелерінің күштерімен және есебінен жүзеге асырылады.

66. Нөсерлі кәріз желілерінің жарамды техникалық жай-күйін (оның ішінде люктердің, торлардың уақтылы жабылуы) пайдаланушы ұйым қамтамасыз етеді.

7-параграф. Бау-бақша жиһаздарын, бау-бақша жабдықтарын, мұсіндерді және шағын сәulet нысандарын күтіп ұстау

67. Бау-бақша жиһазы обьектілері, бау-бақша жабдықтары, мұсін және шағын сәулет нысандары, оның ішінде субұрқақтар, саябак павильондары, беседкалар, көпірлер, қоршаулар, қақпалар, шатырлар, гүл құмыралары таза және жарамды күйде болады және өз мақсатына сәйкес жұмыс істеуі тиіс.

68. Көктемгі кезеңде шағын архитектуралық нысандарды жоспарлы тексеру, оларды ескі бояудан, тоттан тазарту, жуу, бояу, сондай-ақ сынған элементтерді ауыстыру жүргізіледі.

69. Гүл вазалары мен урналарды тиісті жағдайда күтіп-ұстасу үшін:

1) зақымдалған элементтерді жөндеу;

2) дақтар мен кірді кетіру;

3) қоқыстарды, солған гүлшоғырлар мен гүлдерді, кептірілген жапырақтарды алып тастау.

70. Қоршаулар (металл торлар) тиісті техникалық жағдайда ұсталады, ескі жабыннан тазартылады және жылына кемінде бір рет бояуды жүргізеді.

71. Қыс мезгілінде бау-бақша жиһазының элементтері, бау-бақша жабдықтары, мұсіндер мен шағын архитектуралық формалар, сондай-ақ олардың маңы қар мен мұздан тазартылады.

72. Субұрқақтар жұмыс істеп тұрған кезеңде су бетін қоқыстан тазарту күн сайын жүргізіледі.

73. Субұрқақтарда шомылуға жол берілмейді.

74. Күзгі-қысқы кезеңде субұрқақтардың жұмысы тоқтатылады және көктемгі-жазғы кезеңде оның тұрақты жұмысы үшін субұрқақты іске қосу уақытын қысқарту мақсатында оның бетін жабу, бекіту арматурасын тексеру, сорғы жабдығын бөлшектеу және басқа да жұмыстар арқылы консервациялау жүргізіледі.

8-Параграф. Уақытша құрылыштарды ұстасу

75. Уақытша құрылыштарды орнату және пайдалану сәулет, қала құрылышы және құрылыш саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес жүзеге асырылады.

76. Уақытша құрылышты жинағаннан кейін оның иесі бұрын уақытша құрылыш салынған жер участкесін қалпына келтіреді және абаттандырады. Қажет болған жағдайда қоқыстардан тазартады және бұрын иеленген участкені рекультивациялауды жүргізеді.

77. Уақытша құрылыштардың меншік иелері болып табылатын заңды және жеке тұлғалар:

1) оларды жөндеу және бояуды жүргізеді. Жөндеу жобалық құжаттамада айқындалған сыртқы түрі мен түс шешімінің сақталуын ескере отырып жүргізіледі;

2) іргелес аумақта жасыл екпелердің, көгалдардың, жиектегі тастың сақталуын қадағалайды;

3) уақытша құрылыштардың жанына қоқыс жәшіктерін орнатады, қоқыс жәшіктерін қажетіне қарай күні бойы, бірақ тәулігіне кемінде бір рет тазартады.

78. Уақытша құрылыштардың меншік иелері болып табылатын занды және жеке тұлғаларға:

1) уақытша құрылыштарға күнқағарлар, қалқалар және жобаларда көзделмеген өзге де конструкцияларға түрғызуға;

2) курделі емес объектілерде және олардың шатырларында түрмистық және өндірістік сипаттағы ыдыстарды, тауарларды, бөлшектерді, өзге де заттарды жинауға, сондай-ақ сауда жүзеге асырылатын, түрмистық қызметтер мен қоғамдық тамақтандыру қызметтері көрсетілетін курделі емес объектілерді қойма мақсаттарында пайдалануға;

3) уақытша құрылыштар арасындағы өртке қарсы олқылықтарды жабдықпен, қалдықтармен үйіп тастауға;

4) құрылыш-монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде өту орындарын ескерту белгілерімен қамтамасыз етуге жол берілмейді.

9-Параграф. Құрылыш жұмыстарын жүргізу орындарын күтіп ұстau

79. Егер құрылыш мердігерлік шартында өзгеше көзделмесе, елді мекен аумағын абаттандыру саласындағы нормалар мен талаптарды сактау бөлігінде құрылыш алаңдарын күтіп ұстайды, құрылыш жұмыстары аяқталғаннан кейін абаттандыруды қалпына келтіруді тапсырыс беруші қамтамасыз етеді.

80. Құрылыш алаңдарын күтіп ұстau кезінде аумақты абаттандыру саласындағы нормалар мен талаптарды сактау бөлігінде:

1) құрылыш алаңының қоршауын таза және жарамды күйде ұстауға, ақпараттық-баспа өнімінің, суреттердің, жазулардың, ойықтардың, сынықтардың болмауын қамтамасыз етуі;

2) құрылыш алаңынан асфальтбетон жабыны бар жолға дейін қатты жабыны бар кірме жолдарды жабдықтауы;

3) құрылыш алаңына іргелес жалпыға ортақ пайдаланылатын аумақты пайдаланған жағдайда, осы аумақта орналасқан жол жамылғысының, тротуарлардың, қолданыстағы сыртқы жарықтандыру желілерінің, жасыл желектердің және шағын сәулет нысандарының сакталуын қамтамасыз етуі қажет.

81. Құрылыш жұмыстары аяқталғаннан кейін, егер құрылыш мердігерлік шартында өзгеше көзделмесе, құрылыш жұмыстарын жүргізу нәтижесінде бұзылған және жалпы пайдалану аумағында орналасқан жол жабындарын, тротуарларды, абаттандыру элементтерін тапсырыс беруші қалпына келтіруге тиіс.

82. Топырақты, қоқысты, сусымалы құрылыш материалдарын, жеңіл ыдысты, жапырақтарды, шөпті, ағаштардың кесіндісін жолдардың ластануын болдырмайтын презентпен немесе басқа материалмен жабусыз тасымалдауға, сондай - ақ құрылыш

қоспалары мен ерітінділерін (оның ішінде цемент-құм ерітіндісін, әктас, бетон қоспаларын) жолға, тротуарға, жол жиегіне немесе жолға іргелес көгал жолағына төгілу мүмкіндігін болдырмайтын шаралар қолданбай тасымалдауға жол берілмейді.

10-Параграф. Балалар мен спорт аландарын күтіп ұстau

83. Балалар және спорт аландары:

- 1) жаз уақытта тегіс емес жерглерге құм себу арқылы ұстінгі бетінің жоспарлануы бар;
- 2) үнемі сыпырылады;
- 3) қысқы уақытта қардан тазартылады;
- 4) тиісті техникалық жағдайда күтіп ұсталады және боялады.

84. Балалар мен спорт аланындағы қоршаулар мен құрылыштарды бояу жылына кемінде бір рет жүргізуі керек.

85. Балалар және спорт аландарын күтіп ұстau және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауапкершілік алаңдардың меншік иелері жүзеге асырады.

86. Балалар алаңдарын транзиттік жаяу жүргіншілер қозғалысынан, өтпелерден, бұрылыс алаңдарынан, қонақтар тұрақтарынан, қоқыс жинағыштарды орнатуға арналған алаңдардан, автокөлік құралдарын тұрақты және уақытша сақтау участеклерінен оқшаулау қажет. Балалар алаңдарына кіреберістерді жолдардан және көшелерден ұйымдастыруға жол берілмейді.

87. Балалар алаңдарын реконструкциялау кезінде жарақаттануды болдырмау үшін алаңның аумағында шығыңқы тамырлардың немесе салбырап тұрған төмен бұтақтардың, жер бетінен жоғары орналасқан ескі, кесілген жабдықтардың (тіректер, іргетастар) қалдықтарының, жерге көмілмеген металл секіргіштердің (әдетте турниктер мен бұрылыстарда) болуын болдырмау қажет. Іргелес аумақтарды реконструкциялау кезінде балалар алаңдары жұмыс жүргізу және құрылыш материалдарын сақтау орындарынан оқшауланды.

11-Параграф. Контейнерлік алаңдарды күтіп ұстau

88. Контейнерлік алаңдар-қатты тұрмыстық қалдықтарды тасымалдауды жүзеге асыратын мамандандырылған көлікке арналған кірме жолдары бар, қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған контейнерлер орналастырылатын қалдықтарды жинақтауға арналған арнайы алаңдар. Аумақ бойынша қоқыстың ұшып кетуіне жол бермейтіндей етіп жоспарланады және орнатылады.

89. Контейнерлік алаңдар-эстетикалық тұрғыдан орындалған және қалдықтарды жою мерзімдері, осы жұмысты орындаітын ұйымның атавы және алаңды күтіп ұстau және қатты тұрмыстық қалдықтарды уақтылы жою бойынша сапалы және уақтылы жұмыс істеуге жауапты тұлғаның байланыстары туралы мәліметтер бар.

90. Тұрғын үй қорына қызмет көрсететін занды тұлғалар мен лауазымды тұлғалар (жеке кәсіпкерлер) үй иелерінің аумағында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 26 шілдедегі № КР ДСМ-67 "Коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28925 болып тіркелді) бекітілген "Коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының талаптарына сәйкес контейнерлік алаңдарды орналастырады және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндептін атқарушының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № КР ДСМ-331/2020 "Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 28 желтоқсанда № 21934 болып тіркелді) бұйрығымен бекітілген "Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес контейнерлік алаңдар орналастырады.

91. Катты тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған қоқыс контейнерлері мен контейнерлерге арналған алаңдарды орналастыруға, оларды күтіп-ұсташаға және санитариялық жай-күйіне олардың иесі іргелес аумақты ескере отырып, қамтамасыз етеді.

12-Параграф. Үй жануарларын серуендетуге арналған алаңдарды күтіп ұсташа

92. Үй жануарларын серуендетуге арналған алаңдар шағын ауданның және тұрғын ауданның жасыл желеңтерден бос жерлерінің аумақтарында орналастырылады.

93. Үй жануарларын серуендетуге арналған алаңның аумағындағы абаттандыру элементтерінің тізбесі қажет болған жағдайда мыналарды қамтиды: жабынның әртүрлі тұрларі, қоршау, орындық, урна, жарықтандыру және ақпараттық жабдықтар.

94. Алаң аумағында аланды пайдалану қағидалары бар ақпараттық стенд көзделеді.

13-Параграф. Автотұрақтар аумағын күтіп ұсташа

95. Елді мекен аумағында автотұрақтардың мынадай тұрлери көзделеді: автомобильдерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді сақтау, көше (жүру бөлігінде таңбамен белгіленген тұрақ түрінде), көшеден тыс ("қалта" және жүру бөлігінен шегініс түрінде).

96. Жалпы пайдалану орындары мен аула аумақтарын жоспарлау кезінде көгалдарға көлік құралдарын қоюға мүмкіндік бермейтін физикалық қедергілер қарастырылуы керек.

97. Орамішлік және аулаішлік жолдарда темірбетон блоктарын, бағаналарды, қоршауларды және басқа да құрылыштарды өз бетінше орнатуға жол берілмейді.

98. Үй маңындағы аумақтарда рұқсат етілмейді:

1) осы мақсаттар үшін көзделмеген орындарда, сондай-ақ тротуарларда, балалар ойыны аландарында, абаттандыру орындарында және жасыл желектері бар участкердерде, контейнерлік аландар мен оларға іргелес аумақтарда көлік құралдарын тоқтату және тұраққа қою;

2) бөлшектелген көлік құралдарының тұрағы.

14-Параграф. Инженерлік коммуникацияларды абаттандыру бойынша жұмыстар жүргізу

99. Мердігердің (бас мердігердің) кінәсінен жүзеге асырылған автомобиль жолдарының конструктивтік элементтері мен жабындарының, автомобиль жолдарын жайластыру элементтері мен объектілерінің, жол жүрісін ұйымдастырудың техникалық құралдарының, көгалдандыру мен абаттандыру элементтерінің барлық зақымданулары оның өзімен толық көлемде жойылады.

100. Мердігер (бас мердігер) жұмыстар жүргізілетін орынды қоршайды, құрылыш (реконструкциялау, жөндеу, күрделі жөндеу) объектісі туралы мәліметтер, тапсырыс беруші мен мердігердің атауы, жұмыстарды жүргізуге жауапты лауазымды адамның тегі, оның қызметтік телефонының нөмірі, жұмыстарды жүргізу мерзімдері көрсетілетін ақпараттық қалқандарды орналастырады.

101. Инженерлік коммуникацияларды реконструкциялау және жөндеу жөніндегі жұмыстар немесе топырақ пен қатты жабындарды ашуға байланысты жұмыстар, сондай-ақ авариялық жұмыстар аяқталғаннан кейін оларды жүргізу кезінде бұзылған абаттандырудың барлық элементтерін мердігер (бас мердігер) қалпына келтіруге тиіс.

102. Автомобиль жолдарының жол жабыны автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін автомобиль жолдары саласындағы нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес қалпына келтіріледі.

103. Абаттандырудың құрылымдық элементтері бүлінген жағдайда қалпына келтіру шағын сәulet нысандарын, арық жүйесін, инженерлік коммуникацияларды қоса алғанда, құрылымды бүлдірген тараптың есебінен жүзеге асырылады. Қалпына келтіру мерзімі он екі сағатты құрайтын инженерлік коммуникацияларды қоспағанда, жою мерзімі жетпіс екі сағаттан аспайды.

4-тaraу. Қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру жөніндегі жұмыстардың тәртібі

1-Параграф. Елді мекендердің аумағын жинау бойынша іс-шараларды ұйымдастыру

104. Күнтізбелік жыл бойы елді мекен аумақтарын күтіп-ұстау және жинау жөніндегі жұмыстардың бағыты өнірдің климаттық жағдайларына байланысты маусымдық сипатта болады.

105. Уақытша құрылыстарды қоса алғанда, ғимараттардың (олардағы үй-жайлардың), құрылыстардың меншік иелері болып табылатын, сондай-ақ меншік құқығында жер участеклерін иеленетін жеке және занды тұлғалар үй жанындағы және іргелес аумақты жинауды дербес немесе аумақтарды абаттандыруға қатысушыларды тарту арқылы өз қаражаты есебінен жүзеге асырады.

106. Елді мекен аумағында өндіріс және тұтыну қалдықтарын санкцияланбаған жерлерде жинауға және орналастыруға жол берілмейді.

107. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын рұқсат етілмеген орындарға орналастырған адамдар өз есебінен осы аумақты жинауды және тазалауды, ал қажет болған жағдайда - жер участекін рекультивациялауды жүргізеді.

108. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын рұқсат етілмеген қоқыс үйінділеріне орналастырған тұлғаны анықтау мүмкін болмаған жағдайда, өндіріс және тұтыну қалдықтарын жою және қоқыс үйінділерінің аумақтарын рекультивациялау осы аумақты жинауды қамтамасыз ететін тұлғалардың есебінен жүргізіледі.

109. Тұтыну қалдықтарын жинау және шығару Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 508 "Коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 қантарда № 26341 болып тіркелді) бүйріғымен бекітілген Коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

110. Елді мекенниң жалпы пайдалану орындарының аумағында өндіріс және тұтыну қалдықтарын жағуға жол берілмейді.

111. Коммуналдық қалдықтарды көппәтерлі тұрғын үйлерден, жеке тұрғын үйден, сауда және қоғамдық тамақтану, мәдениет ұйымдарынан, балалар және емдеу мекемелерінен әкетуді меншік иелерімен, аталған ұйымдармен немесе Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес қалдықтарды әкетуді жүзеге асыратын ұйыммен шарт бойынша жүзеге асырады.

112. Жөндеу кезінде пайда болған қалдықтарды әкетуді осы жөндеуді жүргізген адамдар өз бетінше осы үшін арнайы бөлінген орындармен жүзеге асырады.

113. Жөндеу кезінде пайда болған қалдықтарды қалдықтарды уақытша сақтау орындарына және контейнерлік аландарға жинауға жол берілмейді.

114. Егер өзінің тұрмыстық және шаруашылық қызметін жер участекінде, тұрғын немесе тұрғын емес үй-жайда жалға алу шартының немесе меншік иесімен өзге келісімнің негізінде жүзеге асыратын қалдықтарды өндіруші қалдықтарды жинауды,

әкетуді және кәдеге жаратуды өз бетінше ұйымдастырмаған жағдайда, осы қалдықтарды өндірушінің қалдықтарын жинау, әкету және кәдеге жарату жөніндегі міндеттер жоғарыда аталған жылжымайтын мүлік объектілерінің меншік иесі жүзеге асырады.

115. Көшелердің, аландардың, скверлердің және басқа да қоғамдық орындардың өндіріс және тұтыну қалдықтарымен бітеліп қалуын болдырмау үшін қалдықтарды уақытша сақтауға арналған шағын көлемді ыдыстар (урналар, бактар) белгіленеді.

116. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын уақытша сақтауға арналған сыйымдылықтарды орнатуды, оларды құтіп-ұстауды және тазалауды тиісті аумақтарды жинауды жүзеге асыратын тұлғалар жүзеге асырады.

117. Урналар (бактар) жарамды күйде ұсталады, қоқыс жиналуына қарай тазартылады, бірақ айна кемінде бір рет жуылады және дезинфекцияланады.

118. Контеинерлік алаңдан және оған іргелес аумақтан қоқыс таситын көлікке контейнерлерден түсіру кезінде төгілген өндіріс және тұтыну қалдықтарын тазалау қалдықтарды жинау мен әкетуді жүзеге асыратын ұйымның қызметкерлері жүргізеді.

119. Троллейбус және автобус аялдамаларын тазалау және жинау осы аялдамалар орналасқан көшелер мен жолдардың аумақтарын жинау міндетіне кіретін ұйымдар жүргізеді.

120. Соңғы троллейбус және автобус аялдамаларын, диспетчерлік пункттердің аумақтарын тазалауды және жинауды осы объектілерді пайдаланатын ұйымдар қамтамасыз етеді.

121. Сауда объектілері орналасқан аялдамаларды жинау мен тазалауды, егер шартта өзгеше белгіленбесе, сауда объектілерінің иелері іргелес аумақтардың шекараларында жүзеге асырады.

122. Су тарату бағаналарын пайдалану және тиісті санитарлық-техникалық жағдайда ұстау, оның ішінде оларды қоқыстан, мұздан және қардан тазарту, сондай-ақ оларға қауіпсіз жақындау тәсілдерді қамтамасыз ету колонкалары меншігінде болатын ұйымдар жүзеге асырады. Мұндай су тарату бағанының иесі болмаған жағдайда, мұзды жою жөніндегі жұмыстарды ұйымдар жүзеге асырады.

123. Базарлар аумағын және оларға іргелес аумақтарды тазалау және жинау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 4 тамыздағы № ҚР ДСМ -73 "Тамақ өнімдерінің көтерме және бөлшек сауда объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23856 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген "Тамақ өнімдерінің көтерме және бөлшек сауда объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

124. Көпірлерді, өткелдерді, жаяу жүргіншілер өткелдерін, виадуктарды, оларға іргелес аумақтарды тазалауды, сондай-ақ коллекторларды, нөсер көріз құбырларын және жаңбыр қабылдайтын құдықтарды ұстауды осы объектілерге қызмет көрсететін ұйымдар жүргізеді.

125. Үйінділер мен көшелер аумағының сыртына үйінділер мен қоқыстарды төгуге, өндіріс және тұтыну қалдықтарын көше жолдарына шығаруға жол берілмейді.

126. Сұйық тұрмыстық қалдықтарды арнайы көлігі бар ұйымдар шарт бойынша әкетуі қажет.

127. Аулалардан жер үсті және жер асты суларын бұруға арналған арықтарды, науаларды, құбырларды, дренаждарды тазалау мен жинауды тиісті аумақтарды жинауға жауапты аумақтарды абаттандыруға қатысушылар жүргізеді.

128. Тротуарларға, көгалдарға, жолдың жүріс бөлігіне су төгуге жол берілмейді, ал авариялық жұмыстарды жүргізу кезінде суды ағызуға тек арнайы бұрмалар немесе шлангілер бойынша жақын маңдағы фекальды немесе нөсерлі көріз құдықтарына коммуникация иелерінің келісімі бойынша және төгілген ағындарды су бұру жөніндегі жұмыстарға жұмсалған шығындарды өтей отырып рұқсат етіледі.

129. Елді мекен шегінде иеліктен шығару белдеуі шегінде өтетін теміржол жолдары (казбалар мен үйінділердің беткейлері, өткелдер, жолдар арқылы өтетін өткелдер) осы құрылыштарды пайдаланатын теміржол ұйымдарының күштерімен және құралдарымен жиналады және ұсталады.

130. Электр бериу желілерін, газ, су құбыры және жылу желілерін орналастыру және пайдалану үшін бөлінген аумақтарды тазалау және тазалау көрсетілген электр бериу желілері мен желілерін пайдаланатын ұйымдардың күштері мен құралдарымен жүзеге асырылады.

131. Бақылау құдықтарын, жерасты коммуникацияларын тазалау кезінде топырак, қоқыс, кірлерсіз қалдықтар тазалау жұмыстарымен айналысатын ұйымдардың күшімен дереу әкетілетін арнайы ыдысқа салынады.

132. Жол қозғалысына кедергі келтіретін көшелерде тасталған заттарды жинау тиісті аумақтарды жинауға жауапты аумақтарды абаттандыруға қатысушылар жүзеге асырады.

2-Параграф. Көше аумақтарын жинауды жүргізу бойынша іс-шараларды ұйымдастыру

133. Қала аумағын жинау техникалық және санитарлық талаптарға сүйене отырып, күнібойы тазалық пен тәртіпті сақтай отырып күн сайын жүргізіледі.

134. Үй маңындағы аумақтарды тазалау негізінен жаяу жүргіншілер саны шамалы болған кезде таңертең және кешкі уақытта жүргізіледі.

135. Тазалау кезінде үй маңындағы аумақтардан, тротуарлардан және орамішлік жолдардан тазартылатын қоқыстарды жолға шығарып тастауға жол берілмейді.

136. Өрт салдарынан не оларды пайдалану мерзімінің өтуі салдарынан жарамсыз болып қалған тұрғын үй құрылыштары, сарайлар және басқа да құрылыштарын Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 29 сәуірдегі № 202 "Объектілерді кейіннен қедеге жарату (ғимараттар мен құрылыштарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 30 сәуірде № 22672 болып тіркелді) бұйрығымен бекітілген объектілерді кейіннен қедеге жарату (ғимараттар мен құрылыштарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру қағидаларына сәйкес меншік иелері қоршаумен қоршайды, оларды бөлшектейді және қоқыстан тазартады.

137. Мұндай құрылыштарды тазалауды меншік иелері оларды арнайы комиссия жарамсыз деп анықтаған сәттен бастап алты ай ішінде жүргізеді.

3-Параграф. Қыс мезгілінде қалалар мен елді мекендердің аумағын жинауды жүргізу бойынша іс-шараларды ұйымдастыру

138. Жолдар мен өтетін жолды қысқы кезеңде жинау осы Қағидалардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

139. Жиналатын қар жергілікті атқарушы орган айқындастын, осы мақсаттар үшін арнайы бөлінген орындарға әкетіледі.

140. Көшелерде және үй маңындағы аумақтарда жинау жұмыстарын жүргізу технологиясы мен режимдері ауа-райына қарамастан көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің кедергісіз қозғалысын қамтамасыз етеді.

141. Елді мекен аумағын қысқы жинаудың бірінші кезектегі іс шараларына мыналар жатады:

- 1) қарды тырмалау және сипыру;
- 2) көктайғаққа қарсы материалдармен жолдардың жүріс бөлігін, жалпы пайдаланылатын аумақтарды өндөу;
- 3) кейіннен әкету үшін қар білігін қалыптастыру;
- 4) қылыштардағы, қоғамдық жолаушылар көлігі аялдамаларындағы, әкімшілік және қоғамдық ғимараттарға кіреберістердегі, орамішілік аумақтардан шығатын жерлердегі қар үйінділеріндегі жарылыштарды орындау.

142. Екінші кезектегі іс-шараларға мыналар жатады:

- 1) қарды алып тастау (шығару);
- 2) жүріс бөлігінен қарды алып тастағаннан кейін жолдың тартқыш бөлігін тазалау;
- 3) мұзды сыйндыру және қар-мұз түзілімдерін жинау.

143. Жолдардың жүріс бөлігіндегі қар тазалау жұмыстарын қар жауа бастағанда дереу бастау керек. Ұзақ қар мен боран кезінде қар тазалау және көктайғаққа қарсы материалдармен өндөу циклдары қайталанып, жаяу жүргіншілер мен көлік құралдарының қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

144. Көшөлөр, жолдар, тротуарлар қар жауғаннан кейін қырық сегіз сағат ішінде қардан және қар төсемдерінен толығымен тазартылады.

145. Жолдардан, көшөлөрден және өткелдерден қарды шығару бірінші кезекте аялдама пункттерінен, жер үсті жаяу жүргіншілер өткелдерінен, көпірлер мен жол өтпелерінен, адамдардың жаппай баратын орындарынан (оның ішінде ірі дүкендерден, базарлардан, қонақ үйлерден, вокзалдардан, театрлардан), медициналық мекемелердің және басқа да әлеуметтік мақсаттағы объектілердің аумағына кіреберістерден қар жауу аяқталғаннан кейін бір тәулік ішінде жүзеге асырылады.

146. Жолдарда, көшөлөрде және бір жақты көлік жүретін жолдарда жолдың сүйеніш бөлігі қыс бойы қар мен мұздан борттық тасқа дейін үнемі тазаланады.

147. Қар ерігеннен кейін қарды уақытша жинайтын орындар қоқыстан тазартылады.

148. Қар жауған және көктайғақ кезінде елді мекен аумағындағы жалпыға ортақ пайдаланылатын тротуарлар мен басқа да жаяу жүргіншілер аймақтары қардан тазартылады, көктайғаққа қарсы материалдармен өндөледі. Тротуарлардың бүкіл аумағын өндеуге арналған уақыт қар жауа бастағаннан бастап алты сағаттан аспайды.

Шағын архитектуралық формалар, сондай-ақ олардың айналасындағы кеңістік пен оларға жақын жер қар мен мұздан тазартылады.

149. Тротуарларда, жаяу жүргіншілер жолдарында және аялдама пункттерінде қар тазалау жұмыстары (механикаландырылған сызыру және қолмен тазалау) қар жауғаннан кейін бірден басталады. Ұзақ қар жауған кезде жаяу жүргіншілер үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қар тазалау және көктайғаққа қарсы өндеу циклдары қайталанады.

150. Көпір құрылыштарының тротуарлары мен баспалдақ жиектері жаңа жауған немесе тығыздалған қардан (қар-мұз түзілімдерінен) жабылғанға дейін толық ені бойынша тазартылады.

151. Қар жауған кезде көпір құрылыштарының тротуарлары мен баспалдақ жиектері көктайғаққа қарсы материалдармен өндөледі және жаяу жүргіншілердің қозғалысы үшін өткелдер тазартылады.

152. Люктердің, су құбыры және көріз құдықтарының қақпақтары қардан, мұздан толық тазартылады және өрт гидранттарын жылдам пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ететін қүйде ұсталады.

153. Көпірлерге, өтпелерге, тұсулерге, көтерілулерге, қылыштарға, жаяу жүргіншілер өткелдеріне, қоғамдық көлік аялдамаларының кіру қалталарына, автожолдарға шығатын жерлерге құм-тұз қоспасы себіледі.

154. Химиялық реагенттерді қолданған кезде олардың таралуының белгіленген нормаларын сақтау қажет.

155. Тұрғын үйлердің, ғимараттардың, құрылыштардың, құрылыштардың шатырлары мен күнқағарларын қар мен мұздан тазарту қажеттілігіне қарай, бірақ айына кемінде бір рет жерге тастау жолымен жүргізіледі. Карниздерде, шатырларда, күнқағарларда,

балкондарда, суағар құбырларында және тұрғын үйлердің, ғимараттардың, құрылыштардың өзге де шығыңқы конструкцияларында қар мен мұз өсінділерін жою жаяу жүргіншілерге, тұрғын үйлерге, ғимараттарға, құрылыштарға, жаяу жүргіншілер жолдарынан, өткелдерден, тротуарлардан төгілген қар мен мұз өсінділерін әкете отырып, қауіп төнген кезде уақтылы, осы мақсаттар үшін арнайы бөлінген орындарға тәулік ішінде жүргізіледі.

156. Еріген кезде қарды төгу қысқа мерзімде жүргізуі керек.

157. Көппәтерлі тұрғын үйлердің шатырларын қардан және мұздан тазартуды ұйымдастыруды, қар мен мұз өсуін жоюды мүлік иелері бірлестігінің төрағасы немесе жай серіктестіктің сенім білдірілген адамы не көппәтерлі тұрғын үйді басқарушының немесе басқарушы компанияның сенімхаты негізінде дербес немесе өз қаражаты есебінен мамандандырылған ұйымдарды тарту арқылы жүзеге асырады.

158. Шатырларды қар мен мұздан тазартуды ұйымдастыруды, қар мен мұз өсінділерін жоюды жеке тұрғын үйлердің, ғимараттардың, құрылыштардың, құрылыштардың меншік иелері дербес немесе мамандандырылған ұйымдарды өз қаражаты есебінен тарту арқылы жүзеге асырады.

Шатырларды қар мен мұздан тазарту жұмыстарын жүргізер алдында азаматтардың, осы жұмыстарды жүзеге асыратын адамдардың және көлік құралдарының қауіпсіздігін, сондай-ақ ағаштардың, бұталардың, көшедегі электр жарығының әуе желілерінің, ақпаратты орналастыру құралдарының, бағдаршам объектілерінің, жол белгілерінің, байланыс желілерінің және басқалардың, оның ішінде егер бұл объектілер қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгіленген жағдайда, сақталуын қамтамасыз ететін құзет іс-шараларын (қоршаулар, кезекшілер) жүргізу қажет.

159. Жалпы пайдаланымдағы аумақтарды жинау кезінде жасыл желектердің сақталуын және еріген сулардың ағуын қамтамасыз ету шартымен химиялық реагенттері жок қарды осы мақсаттар үшін алдын ала дайындалған аландарға уақытша жинауға жол беріледі.

160. Рұқсат етілмейді:

1) орамішлік, үй маңындағы аумақтардан, ұйымдардың, кәсіпорындардың, мекемелердің, құрылых аландарының аумақтарынан тазартылатын қарды жолдардың, көшелер мен өткелдердің жүру бөлігіне жылжытуға немесе орын ауыстыруға;

2) ластанған қарды, сондай-ақ мұз сынықтарын көгалдарға, гүлзарларға, бұталарға және жасыл желектері бар басқа да участекерге тасымалдауды және орнын ауыстыруды жүзеге асыруға;

3) ғимараттардың қабырғаларына және жылу желілерінің трассаларына қар жинауға

161. Орамішлік өтпелер мен үй маңындағы аумақтарды жинау кезінде бірінші кезекте жаяу жүргіншілер жолдары, аулаларға өтетін жолдар және өндіріс пен тұтыну

қалдықтарын жинауға арналған контейнерлерді орналастыру орындарына кіреберістер тазаланады.

162. Аулалар мен орамішлік өткелдерден жиналатын қарды жасыл желеңтердің бүлінуіне жол бермей, көлік құралдарының өтуі және азаматтардың өтуі үшін бос орындар қалатында етіп үй жанындағы және орамішлік аумақтарда жиналады. Қар жинауға арналған аландар алдын ала дайындалады. Бұл участеклерден еріген суды нөсерлі көріз желісіне бұру қамтамасыз етіледі. Мұндай аландарды ұйымдастыру мүмкіндігі болмаған жағдайда қар шығарылады.

163. Қар ерігеннен кейін тротуарларды, орамішлік, үй жанындағы және іргелес аумақтарды, жалпы пайдаланылатын орындардың аумақтарын қыс мезгілінде пайда болған ластанудан тазарту жүргізіледі.

4-Параграф. Жазғы кезеңде қалалар мен елді мекендердің аумағын жинауды жүргізу бойынша іс-шараларды ұйымдастыру

164. Тазалау бойынша негізгі іс-шараларды орындау кезеңділігі ауа райы жағдайлары мен көшелердің (санаттардың) маңыздылығын ескере отырып реттеледі.

165. Жазғы жинау кезеңінде келесі жұмыс түрлері жүргізіледі:

1) жолдардың, тротуарлардың, үй маңындағы аумақтардың жүру бөлігін сыйыру, жуу және суару;

2) кірден тазарту, жуу, коршаулар мен шекаралық тасты сыйрау;

3) жолдың салалық бөлігін тазарту;

4) көгалдарды, гүлзарлар мен гүлзарларды қоқыстардан, бұтақтардан, жапырақтардан, құрғақ шөптерден, өңсіз гүлшоғырлар мен құмнан тазарту;

5) қоқысты санкцияланған жинау, залалсыздандыру және кәдеге жарату орындарына әкету;

6) жеке құрылыш үйлеріне іргелес аумақтарды қоса алғанда, үй маңындағы аумақтардан қоқыс жинау;

7) шөп шабу.

166. Жапырақ құлау кезеңінде құлаған жапырақтарды жолдардың жүріс бөлігінен, жалпыға ортақ пайдаланылатын орындардан, іргелес, үй маңындағы аумақтардан тырмалау және әкету жүргізіледі. Ағаштар мен бұталардың түбіндегі бөлігіне жапырақтарды тырмалауға жол берілмейді.

167. Қалалық аумақтарды сыйыру жүргізіледі:

1) тротуарлар - күн сайын күнібойы ластанудың жиналуына қарай;

2) үй маңындағы аумақтар-күн сайын күнібойы қажеттілігіне қарай;

3) тазалықты қамтамасыз ету қажеттілігі ескеріле отырып, ластанудың жинақталуына қарай - өзге аумақтарды, оның ішінде жалпы пайдаланылатын орындардың, іргелес аумақтардың аумақтарын қамту.

168. Жүріс бөлігін, тротуарларды, кірме жолдарды, үй маңындағы аумақты суару жүргізіледі:

1) ауа температурасы 25 градустан жоғары (Цельсий бойынша) ыстық ауа-райында микроклиматты жақсарту үшін;

2) қажет болған жағдайда шаңды азайту үшін.

169. Аялдама пункттері топырақ-құмды шөгінділерден, түрлі қоқыстардан толығымен тазартылады және жуылады. Тазалау жаяу жүргіншілердің ең аз қозғалысы және жолаушылардың ең аз жиналуы кезінде жүргізіледі.

170. Темірбетон блоктарынан жасалған бөлу жолақтары бүкіл бетіндегі құмнан, кірден және ұсақ қоқыстардан тазартылады. Көгалдар түрінде жасалған бөлу жолақтары қоқыстардан тазартылады.

171. Металл қоршаулар, жол белгілері мен көрсеткіштер жуылады.

172. Жаңбыр суының тоқырауын болдырмау үшін люктердің қақпақтары мен жаңбыр қабылдайтын құдықтардың келте құбырлары сметадан және басқа да ластанулардан үнемі тазартылады.

173. Шөп шабу кейіннен әкетумен жүргізіледі.

174. Жапырақ құлау кезеңінде құлаған жапырақтар уақтылы алынып тасталады және арнайы бөлінген жерлерге немесе компосттау алаңдарына шығарылады.

175. Жазғы тазалауды жүргізу кезінде:

1) жасыл екпелерге, инженерлік желілердің қарау құдықтарына, өзендер мен су айдындарына, жолдардың жүріс бөлігіне және тротуарларға қоқыс тастауға;

2) жүру бөлігін жуу кезінде тротуарлар мен көгалдарға су ағынымен ссыпрынды мен қоқыстарды қағып алуға;

3) карантиндік зиянкестер мен аурулармен залалданған өсімдіктердің бөліктерін кесуді және ұйымдастын түрде өртеуді қоспағанда, от жағуға және қоқыстарды, жапырақтарды, ыдыстарды, өндіріс және тұтыну қалдықтарын өртеуге;

4) су құбыры, кәріз және жылу желілеріндегі аварияларды жою кезінде жүру бөлігіне су айдауға рұқсат етілмейді.

176. Елді мекенниң табиғи, климаттық, геологиялық, гидрогеологиялық және сейсмикалық факторларына байланысты Үлгілік қағидалардың негізінде жергілікті атқарушы органдар әзірлейтін қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ережелермен толықтыруы мүмкін.

Бұл ереже жарнама саласындағы құқықтық қатынастарға қолданылмайды.